

**«Жас Дарын-3»бастауыш мектебінің төтенше жағдай кезіндегі  
қауіпсіздікті сақтау жайлы жиналысының кезекті хаттамасы**

№ 11

2023-2024 оқу жылына

«19» 02 2024ж

**Қатысқандар:**

1. Мектеп директоры Ә.А.Рахымбаева
2. Тұран аудандық төтенше жағдайлар басқармасының инженері азаматтық қорғау лейтенаты Н.М. Тасыбек
3. Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары: М.У.Жұмабаев
4. Мектеп директорының оқу жөніндегі орынбасары: Г.Т.Бекетаева
5. Мектеп директорының әдістеме жөніндегі орынбасары: С.Ш.Исаева
6. Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары:  
•А.Альжанов
7. Жас-Дарын-3 бастауыш мектебінің ұстаздары асхана қызметкерлері техникалық қызмет көрсету қызметкерлері.
8. Жиналысқа қатысқан қызметкерлердің саны-70.

**Күн тәртібіндегі мәселе:**

1. Зілзала Өрт қауіпсіздігі жалпы төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздікті сақтау алдын алу жөніндегі жиналыс.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Жас Дарын-3 бастауыш мектебінің директоры Ә.А.Рахымбаева сөз алып өз сөзінде : Саламатсыздарма Құрметті ұстаздар жиынға қатысушы қызметкерлер қоғамдағы орын алып жатқан елеулі оқиғалардың бірі жер сілкіну және алапат өрттің орын алу сипаты мен қауіпсіздіктерін алдын алу шараларын қолдану мақсатында бүгін сіздерге осы мәселелердің барлығын түсіндіріп беру үшін Тұран аудандық төтенше жағдайлар басқармасының инженері азаматтық қорғау лейтенаты Тасыбек Нурбек Мықтыбекұлы келіп тұр деп сөз кезегін берді. Н.Тасыбек өз сөзінде құрметті ұстаздар сіздерге жер сілкінісімен өрт қауіпсіздігі жөніндегі өте маңызды мәселелерді қозғайын деп отырмын Атап айтқанда:

Жер сілкінісі кенеттен пайда болады және қас-қағым сәтте өтеді. Жер сілкінісі - бұл жер қыртысында немесе мантияның үстіңгі бөлігінде кенеттен болған қозғалыспен жарылыс нәтижесінде пайда болған және елеулі ауытқу



түрінде үлкен қашықтыққа таралатын жер асты дүмпуі мен жер асты қозғалысы. Жер қыртысының траекториялық қозғалысын тудыратын жер сілкінісі өте жойқын болып келеді. Жер сілкінісінің барысында үйлер, жолдар, көпірлер, каналдар тоғандар мен басқа да ғимараттар, су құбырлары, канализация, электр беру жүйесіне зиян келіп, байланыс бұзылады. Тау жыныстарынан тау құлайды, адамдарды үрей билейді.

Жер сілкінісінің жойқын күшінің әсерінен болатын апаттар көпшілікке мәлім. Өйткені Қазақстанның 450 мың шаршы километр аумағында жер сілкіну қаупі бар. Бұл аумақта 6 млн. халық тұрады. 27 қала, 400 ден астам елді мекен бар. Еліміздің қырық процентке жуық өндірістік потенциалы осы аумаққа шоғырланған.

Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау облыстары мен Алматы қаласы сейсмо қауіпті аймақта тұр. Онда өнеркәсіптің негізгі қорының отыз проценті шоғырланып, тұрғын үй қорының отыз бестен аса проценті орналасқан. Республика халқының қырық проценті тұрады. Жер сілкінісі қауіпті аумақтарда ірі қалалар мен елді мекендер, гидротехникалық ғимараттар мен зиянды өндірісті өнеркәсіп орындары, жасанды су қоймалары, жарылыс қаупі бар және улы материалдар қоймасы орналасқан. Тұрғын үй алқабының бұзылуымен қатар тізбеленген объектілердің кейбіреуінің бұзылуы оңалмайтын экологиялық өзгеріске алып келуі мүмкін.

#### Жер сілкінісі кезіндегі міндеттер

Жер сілкінген сәтте сіздің ой-әрекетіңіз бен іс-қимылыңызға 5-10 секунд қана уақытыңыз бар. Осы сәтте үрейге еркіндік беріп, абдырып-сасып қателессеңіз, арты бақытсыздыққа әкелуі ықтимал. Өзіңізді де, өзгелерді де үрейлендірмеңіз

#### Үйдің ішінде:

Сілкініс кезінде далаға жүгіріп шығуда немесе жер сілкінісінің яғни үйдің ішінде кетуді пәтердің қай қабатта орналасуына байланысты шешуге тиіссіз. Егер сіз көп қабатты үйдің бірінші немесе екінші қабатында тұратын болсаңыз, далаға шығуға мүмкіндігіңіз бар. Далаға қашып шыққаннан кейін үйден аулақ тұрған жөн. Үшінші және одан жоғары қабаттардан қашып шығу қауіпті екенін естен шығармаңыз.

Сілкініс кезінде қауіпті және қауіпсіз жерлерді анық білген жөн.

Қауіпсіз жерлер:

Үйде (ғимараттың ішінде)

1)Босаға есік жақтауы

2)Ішкі бұрыш

3)Мықты қабырға



- 4) Бел ағаш
- 5) Ванна, тоңазытқыш
- 6) Парта, стол, кереует

Далада:

- 1) Ашық алаң
- 2) Биік ғимараттардан аулақ болу
- 3) Биік ағаштардан аулақ болу

Қауіпті жерлер:

- 1) Терезе жақтағы бұрыш
- 1) Биік ғимараттар
- 2) Биік ағаштар
- 3) Баспалдақ
- 4) Лифт
- 5) Жиһаздар
- 6) Шам жағу қауіпті
- 7) Соңғы қатардағы шеткі бөлмелер

Далада:

- 1) Биік ғимараттар
- 2) Биік ағаштар
- 3) Электр жүйелері
- 4) Жер асты өткелі

Сілкініс басталысымен үй ішіндегі қауіпсіз деген орындарға тез жетуге тырысыңыз. Ішкі қабырғаның қауіпсіз тұсында үйдің ішкі бұрышында, есік жақтауларының ортасында, тіреуіш ашалардың жанына тұрасыз (шкаф іші кереует). Терезелер мен ауыр жиһаздардан алыс тұрыңыз.

- лифтті пайдаланбаңыз.- есіктен далаға шыққан уақытта жанталасып, бір-біріңізге кедергі жасамауға тырысыңыздар.- үйлерден электр бағаналардан аулақ тұрыңыз, электр сымна жақындамаңыз.- сілкініс кезінде үйге кірмеңіз.

Автомобиль ішінде:

- сілкініс басталған сәтте жүріп келе жатқан автомобильді ашық жерге тоқтатқан дұрыс.  
- жолаушылар асып-саспай байыпты түрде транспорт ішінде отырып, жер сілкінісінің басылуын күткен жөн.

Келешекте болуы ықтимал күшті сілкіністердің құпияларымен жеке таныс болған жөн. Жер асты дүмпуінің болу себептерін, анық қай жерде болып, қалай таралатындығының қандай қосымша әрекеттерінің өзі де көптеген мәліметтер оқып -білу қажет. Екіншіден, тұрған халықтың апаттан сақтану дайындығы дәрежесі жоғары болуы тиіс. Тек осы шарттар орындалған



жағдайда ғана зілзала апаттар адам өмірі мен халық байлығына айтарлықтай шығын келтірмейді.

### «Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелері»

Мақсаты: Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру болып табылады.

Өрт – бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретін, қоршаған ортадағы заттардың бақылаусыз жануы. Өрт уақытымен және кеңістікте көбейетін, жанудан бөлек масса және жылу ауысуын қосатын, ауыр физико-химиялық процесс. Өрт қауіпсіздігі ережесі

### ҮЙДЕГІ ӨРТ

Егер өрт қатты жанып тұрса, онда сіздің негізгі мақсатыңыз тез үйден кету. 101-ге хабарласып өрт сөндірушілерді шақырту. Егер өрт қатты жанып тұрмаса да, бірақ үйдің іші қатты түтін болса, үйден тез кету керек. Түтін өрттен де қауіпті болады.

Сіздің әрекетіңіз:

1. Түтіннің иsін сезгеннен кейін үйден тез кетіңіз. Кез келген шүберекті сулап ауызыңыз бен мұрынды жабыңыз сосын енкейіп (өйткені түтін жоғарыға ұмтылады) бөлмеден кетіңіз.
2. Егер өрт кішкентай бөлмеде болса, онда есіктер мен терезелерді ашпаңыз, ауа өртті күшейтіп жібереді.
3. Жанып жатқан үйден лифтпен түспеңіз, өйткені ол қатты өрт болып жатқан қабатта тоқтап ашылу мүмкін және содан бәрі жарақат алады. Ток кез келген уақытта сөніп қалу мүмкін және лифт этаждардың арасында қалу мүмкін.
4. Егер коридор және площадка өртте және түтінде (төмен түсуге жол жабық) болса, онда шатырға көтеріліңіз.
5. Егер өрт коридорда болса, есікті қатты жауып, сұйық шүберектермен ашық жерлерді жауып, есікке көрпе не пальто іліңіз. Терезені ашып қатты дауыс беріп көмекке шақырыңыз.
6. Егер сізге біреуді өрттен құтқару керек болса, онда өзінді арқанмен орап бір шетін далада тұрған адамға беріңіз. Егер сіз есіңізді жоғалсаңыз, онда сізді арқаннан тартып өрттен алып шыға алады. Ауызымен мұрынды ылғал шүберекпен жабыңыз.
7. Егер құтқарған адам түтінмен демалып есін жоғалтса, онда оған жасанды дем беріңіз.

Түтінмен уланудың алғашқы белгілері: бастың айналуы, бас ауыруы, жиідемалу, жүрекайналуы, сананы жоғалту.

**ЕГЕР ӨРТ ҚАТТЫ ЖАНЫП ТҰРМАСА.**



Сіздің әрекетіңіз:

1. Өртті бір затпен (көрпе, пальтомен) үстінен жаба салыңыз. Содан кейін үстінен су құйыңыз.
2. Түтінмен демалмауға тырысыңыз. Мұрынды және ауызды ылғал шүберекпен орап қойыңыз.
3. Өрттен жанып тұрған заттарды алмаңыз, өйткені ол өрттің таралудың себепкері болады.
4. Өртті шетінен бастап ортаға қарай сөндіру керек.

#### АДАМ ҮСТІНДЕГІ КИІМНІҢ ЖАНЫП КЕТУІ

Сіздің әрекетіңіз:

Адамды тез ғана жерге жатқызыңыз (бұл өрттің адамның басына баруына жол жабады), үстіне су құйып немесе куртқамен, пальто мен жабыңыз. 4. Балаларды қараусыз қалдыру болып табылады.

Алдағы уақытта Өрт қауіпсіздігімен жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздікті сақтау алдын алу мақсатында Жас-Дарын-3 бастауыш мектебінің өткізілген жиналыстың шешімі.

### Ш Е Ш І М Е Т Т І .

1. Жер сілкінісімен өрт қауіпсіздігін ержелерін сақтау мақсатында Сынып жетекшілері сыныптарда видео роликтер көрсетіп оқушыларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп сынып сағаттарын өткізіп отырылсын

2. Жас -Дарын-3 бастауыш мектебінде жер сілкінісі немесе өрт қауіпсіздігін алдын алу сақтану мақсатында Тұран аудандық төтенше жағдайлар басқармасының азаматтық қорғау қызметкерлерімен бірлесіп әр тоқсан сайын практикалық іс шара өткізіп отырылсын.

Жас-Дарын-3 бастауыш мектебінің директоры:  Ә.А.Рахымбаева.

Хатшы:

С.Ж.Жайырбек.

